

VIII Бағызбаева оқулары

**«ЖАЛПЫ ҒЫЛЫМИ ПАРАДИГМА
АЯСЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ
ФИЛОЛОГИЯНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция материалдары**

Алматы, 28 сәуір 2016 жыл

**VIII Багизбаевские чтения
«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ
СОВРЕМЕННОЙ ФИЛОЛОГИИ
В КОНТЕКСТЕ ОБЩЕЙ НАУЧНОЙ
ПАРАДИГМЫ»**

**Материалы международной
научно-практической конференции**

Алматы, 28 апреля 2016 года

Редакционная коллегия:
Член-корреспондент НАН РК, д.ф.н., профессор Б.У. Джолдасбекова
старший преподаватель Ж.А. Баянбаева
преподаватель Г.Б. Айнабекова
докторант PhD А.О. Өзизова
докторант PhD И.В. Григорьева
преподаватель Н.Б. Итжанова

На обложке книги репродукция картины
художника И.Н. Панченко «Жар-птица»

Актуальные проблемы современной филологии в контексте общей научной парадигмы. VIII Багизбаевские чтения: Материалы международной научно-практической конференции. 28 апреля 2016 г. – Алматы, «Қазақ университеті» 2016. - 429 с.

ISBN 978-601-04-1889-9

В сборник вошли материалы исследований ученых Казахстана, России, Испании, Турции, Таджикистана, посвященные актуальным вопросам литературы и языка, прикладным аспектам филологической науки, а также процессам технологизации процесса обучения в системе непрерывного образования и интегрированных образовательных программ.

Тілдік талдау классификациясы теориясын ЖОО-да оқыту

Итжанова Н.Б.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан,
nazim.i.b@mail.ru

Жоғары оқу орындарында орыс тілі пәнінен теориялық материалды жақсы ұғынып, меңгерген білімді тұрақтандырып, студенттердің ол туралы практикалық дағдысын қалыптастырудың бірден-бір жолы – сөйлем талдау.

Грамматикалық талдау – барлық тілдерді оқытуға бірдей қатысты ортақ проблема. Яғни, грамматикалық талдау – ана тілінен берілетін білім негіздерін саралауға, оны еске кайта түсіруге, білімді баянды етуге бірден-бір мүмкіндік беретін тәсіл. Ол оқу материалдарының негізгі мазмұнын іріктей білу мен оны кайта қорыту мақсатында оқу процесіндегі өзекті мәселесінің бірі болып табылады.

Грамматика о баста грек тілінің *граммаша* (жазу, жазу өнері – запись, письменное искусство) деген сөзден шыққан. Келе-келе сөздің бастапқы мағынасы мүлдем кеңейген. Қазір грамматика – лингвистиканың негізгі терминінің бірі; тілдің грамматикалық құрылысын зерттейтін ғылым [1, 36].

Грамматиканың басты объектісі тілдің грамматикалық құрылысын танып, оның негізгі ерекшеліктерін анықтауда (сол арқылы ғана сөздің грамматикалық сипаты ашылмақ) оған (тілдің грамматикалық құрылысына) тән басты-басты грамматикалық ұғымдарды ажыратып, олардың ерекшеліктерін, сипатын айқындап алу қажет [2, 17].

Сөздің сөйлеу процесіндегі басқа сөздермен әр түрлі қатынастардың негізінде пайда болатын ішкі мәндері, оның көрінісі болатын сыртқы түр-тұлғасы, солардың барлығы негізінде сөйлемдегі, т.б. тілдің грамматикалық құрылысымен байланысты болса, оның өзіндік ерекшеліктері тағы да сол сөздің грамматикалық сипатымен анықталады.

Грамматикалық талдау да грамматикалық факторға, грамматикалық құбылыстарға негізделеді. Сонымен бірге, грамматикалық талдау тілдің грамматикалық құрылысының жеке элементтеріне бөлінуін, ол бөлшектердің мән-мағыналары мен атқарып тұрған қызметін анықтауға бағытталады да студенттердің

бұл теориялық білімін практикада қолдану дағдысын қалыптастырады. Ол – студенттің логикалық ойлау қабілетін жетілдіруге, олардың ана тілінен алған білімдерінің өмір мүддесінің талаптарына лайық, саналы пайдалануына, емелік және тыныс белгілері жөніндегі мағлұматтарын тұрақтандыру үшін қолданылатын оқытудың негізгі әдісі. Мазмұны жағынан грамматикалық талдау екі үлкен салаға бөлінеді: морфологиялық талдау және синтаксистік талдау. Осы екі грамматикалық талдаудағы жүргізудің екі тәсілі бар: бірі – ауызша талдау; екіншісі – жазбаша талдау [3, 19].

Ауызша талдау – көбінесе аудиторияда, дәрісханада жүргізіледі. Жазбаша талдау негізінен үйге тапсырма ретінде беріледі де, аудиторияда ауызша әңгімеленеді. Ауызша талдау көбіне студенттердің білімі әбден жетілген кезде, дағдысы қалыптасқан кезде жүргізіледі. Яғни талдау жүргізіп тұрған студент, бір жағынан, теориялық материалды жақсы біліп, талдау тәсілдерін жетік меңгерген, дағдысы қалыптасқан болу керек те, екінші жағынан, аудиториядағы қалған студенттер еш қиындықсыз, қосымша түсіндірулерсіз-ақ бұл айтылып тұрған ұғымдарды қабылдай алатын дәрежеде болуы керек. Сөйтіп барып талдаудың бұл түрі арқылы оқытушы уақытта ұтады, талдауға байланысты бірсыдырғы мәселенің басын ашып тастайды.

Ал, талдаудың мұндай дәрежесіне жету үшін көбіне жазбаша талдау жүргізу қажет. Жазбаша талдау арқылы оқытушы студенттерден грамматикалық ұғымдар мен олардың тілдік элементтерін жетік білуін, студенттердің ұқыптылығын ыалап етіп отыруы қажет. Сол арқылы студенттің сөйлемді дұрыс та толық талдаудың практикалық дағдысын қалыптастырады.

Грамматикалық талдауда жеке сөз фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғыдан талланады. Бірақ әдістемелік еңбектердің көпшілігінде грамматикалық талдау объектісі етіп, сөзді морфологиялық және синтаксистік құрылысы мен қызметі жағынан талдауды қарастырады. С. Исаев өз еңбегінде былай дейді: «Ана тілінен жүргізетін жұмыстардың ішінде грамматикалық талдауға біршама ұқсас, онымен жанаса жүргізілетін жұмыстардың бірі – фонетикалық талдау. Бірақ фонетикалық талдау грамматикалық талдауға жатпайды, демек, оны өзінің атымен фонетикалық талдау деп атап, өз алдына түсінген жөн»[4, 7]. Ал енді бір қатар грамматикалық талдауға тілдің фонетика не лексика саласын қосу керек дегенді алға

тартады. Осы пікірлер жөнінде К. Аханов былай дейді: «Фонетика лингвистика ғылымының арнаулы бір саласы бола отырып, тілдің лексикасымен де, грамматикасымен де астарласып, байланысып жатады. Бұлай болатындығы фонетикалық құбылыстар мен процестер тілдегі сөздерден тыс емес, қайта әрдайым сөздердің ішінде болады, ал сөздер грамматикамен тығыз байланыста, әрқашан қарым-қатынаста болды» [5, 282]. Біз де соңғы пікірді құптай отырып, грамматикалық талдаудың комплексті түрде жүргізілуінің қажеттілігін баяндаймыз. Тілдік талдауда тілдің барлық саласы қамтылып, грамматикалық талдауда қажетті ережелер қосымша айтылып отырады.

Фонетика саласының өзіндік ерекшелігі бар – ол бір жағынан, тіл мәдениетін жетілдірудің үлкен құралы орфоэпия мен орфографияның нормаларын белгілеуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан, грамматиканың морфология және синтаксис салаларымен де органикалық байланыста болады. Сондықтан, студент фонетика бойынша комплексті талдауды жақсы меңгерсе, тілдің басқа салаларынан да талдауды жүйелі жүргізе алады. Фонетика бойынша жүргізілетін комплексті талдау арқылы студенттер тіл дыбыстарының қасиеттерін, сапалық ерекшеліктерін, сол дыбыстарды жасайтын немесе оларды жасауда қатысатын сөйлеу мүшелерін, бұл түрлерін, сөзді тасымалдаудың ерекшеліктерін, екпін, сөз ішіндегі сингармонизм мен ассимиляциялық өзгерістерді анықтап, әрқайсысының заңдылықтарын бір-бірімен шатастырмай дәл таба білуге жаттығады.

Фонетика тіл дыбыстары мен дыбыс заңдарымен ғана шектеліп қоймайды. Тіл дыбыстары, олардың құрамы, тілдегі дыбыстардың өзгеру заңдылықтары туралы мәселелер фонетикада, әрине, маңызды орынға ие болады. Алайда, тіл дыбыстары туралы мәселенің фонетикада басты орынға ие болуы фонетиканың басқа да маңызды объектілердің болуын жоққа шығармайды. Дыбыстарды зерттеу мен дыбыстық тілдің басқа да мәселерін, мысалы, буын, екпін және интонация мәселелерін қарастыру өзара тығыз байланысты болады. Оның үстіне, тіл дыбыстары мен буын, екпін туралы ілімнің тілдің жазба түріне тікелей қатысы бар.

Сонымен, фонетиканың зерттейтіндері – тілдің барлық жағдайларында және қызметінде көрінетін дыбыстық құрамдары мен тәсілдері және тілдің дыбысталу түрі мен жазба түрінің арасындағы байланыстар [6, 282].

Дәстүрлі оқыту жүйесінде тіл білімі салаларын оқыту – алдымен тілдің ең кіші бөлшегі фонетикадан басталады. Бұл дәстүр комплексті талдау технологиясында да сақталған. Бұл – заңды құбылыс. Себебі дыбыс жүйесін, әр дыбыстың ерекшеліктерін меңгерту фонетикадан берілетін білімнің іргетасы болып есептеледі.

Бағдарламалық материалдың берілуі сатылы және жүйелі түрде үдей өтілуімен байланысты фонетикалық талдаудың да күрделене түсуі сөзсіз. Осыған орай фонетикалық талдауда да оңайдан қиынға қарай сатылап көшу керек.

Қорыта келгенде, тілдік талдауда студенттер, біріншіден, фонетикалық материалды жан-жақты және салауатты талдауға машықтанады; екіншіден, айтылым, тыңдалым, жазылым арқылы фонетикалық материалды сауатты баяндауға дағдыланады; үшіншіден, фонетикалық материалдарды бірізділікпен жүйелі талдай отырып, білімді санасына берік орнықтырады; төртіншіден, әуезді сөйлеуге үйренеді; бесіншіден, санада берік орын алған теориялық материалды кез келген уақытта қайта жанғыртып, тез арада есіне түсіреді және қажетті жерінде орынды пайдалана алады.

Әдебиеттер:

1. *Аймауытов Ж.* Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1997. – 237 б.
2. *Тіл білімі сөздігі. Анықтамалық басылым.* – Алматы, 1998. – 562 б.
3. *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.* – Алматы, 2008. – 965 б.
4. *Құлмағанбетова Б.* Қазақ тілі сабағында техникалық құралдары пайдалану. – Алматы, 1984. – 240 б.
5. *Оразақынова Н., Исаева Ж., Сүлеева Г.* Қазақ тілі (Сөзжасам. Морфология) – Алматы, 2004. – 176 б.
6. *Хасенов Ә.* Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 1990. – 184 б.

<i>Утепова Р. М.</i> Методика обучения говорению на неродном языке в процессе обучения студентов	129
<i>Ломаченко Н.Л., Сабырбаева Н.К.</i> Современные технологии в обучении английскому языку студентов технических специальностей	136
<i>Туребекова Р.С., Жусанбаева А.Т.</i> Аспекты изучения научной речи на занятиях по русскому языку	142
<i>Artykova E.U., Baimuratova E.S.</i> New technologies in learning english language	148
<i>Bekmasheva B.N., Zhautikbayeva A.A.</i> Linguocultural aspects of language	152
<i>Strantman L.E., Gumarova Sh.B., Sabyrbayeva N.K.</i> Russian and kazakh in the english classroom	158
<i>Жаутикбаева А.А., Тастемирова Б.И.</i> Перевод как средство межкультурной коммуникации	162
<i>Тастемирова Б.И., Жаутикбаева А.А.</i> Обучение иностранному языку в рамках полиязычного образования	169
<i>Утесбаева Б.К.</i> Внедрение информационных технологий на уроках русского языка и литературы	174
<i>Темиргазина З.К.</i> Принципы создания учебного англо-русского словаря по биологии для школ с полиязычным обучением	179
<i>Нурмуханбетова А.А., Исабаева Б.К.</i> Работа в группе как один из видов организации урока	185
<i>Maharova G.S., Zhautikbayeva A.A.</i> Peculiarities of the translation of scientific and technical texts	191
<i>Койлыбаева С.С., Машинбаева Г.А.</i> Коммуникативная модель социальной сети в обучении русскому языку как иностранному	195
<i>Ainabekova G.B.</i> Bologna process at the higher school of Kazakhstan	198
<i>Григорьева И.В.</i> Структура лингвокультурного концепта: способы репрезентации	201
<i>Итжанова Н.Б.</i> Тілдік талдау классификациясы теориясын ЖОО-да оқыту	206
<i>Махметова Д.М.</i> О лексической альтернативности и информативном значении слова в научном тексте (сообщение 2)	210
<i>Мусырманова Ф.А., Сансызбаева С.К.</i> Лингвокультурологические аспекты обучения фразеологизмам русского языка	215
<i>Omarova S.N.</i> Linguopragmatical features of speech behavior of communicants in the television broadcast: a gender perspective	221
<i>Әміргалиева Е.</i> Вопрос о структуре концепта в современных исследованиях	227
<i>Nurmoldayev D.M., Sarsekeeva N.K.</i> Theoretical and methodological aspects study of the text in correlation with the discourse of modern science language	232
<i>Ашим У.М.</i> Технологии развития критического мышления через чтение и письмо	237